БЕКІТЕМІН:	КЕЛІСЕМІН	ӘБ отырысында Қаралды
Мектеп директоры: СмановЕ.К.	ДОІЖО Калиева Н.Д.	ӘБ жетекшісі Хаттама№1
«29» 08 2023ж.	«28» 08 2023ж	«28» 08 2023ж

«Математикалық сауаттылық»

(3-4 сыныптар үшін математика пәнінен таңдау курс бағдарламасы)

Мұғалім:Валиева Балгуль Ергужакызы

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

3-4 - сыныпқа арналған «Математикалық сауаттылық есептерін шығару әдістері» таңдау курс бағдарламасы оқыту процесінде оқушы математикадан алған білімді күнделікті өмірде қолдана білу дағдысын арттырып, математикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған.

Берілген курс математикадағы қатысты ұғымдарды, тұжырымдар мен әдістерді мазмұндық ашумен, олардың тәжірибелік маңыздылығын айқындаумен сипатталады. Бұл курсты игеру оқушылардың ой - өрісін, логикалық пайымдау, дәлелдеулерді жүргізу, практикалық есептеулерді шығару барысында математикалық білімдерін қолдану біліктілігін дамытуға PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылықтарын дамытуға, жалпы адами және ұлттық негізде тұлғаның жалпы интеллектуалдық қасиеттерін дамытудың қажетті деңгейіне жетуіне бағытталған.

Таңдау курсының мақсаты:

- жеке тұлғаның таным белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;
-коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға тәрбиелеу, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;
-оқушылардың логикалық ойлау, қабылдау әрекеттерін жетілдіру;
-әрбір оқушының жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы оның интеллектісін байыту, дүниетанымын тереңдету, ой-өрісін дамыту;
-оқушылардың өзін-өзі тану қабілетін дамытуға жағдай жасау;

Оқушылардың өзін-өзі тану қабілеті арқылы өмірлік ұстанымын қамтамасыз етуде қажетті ресурстарды қалыптастыру.

Таңдау курсының міндеттері:

- проблемаларды шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттері дамыған тұлғаны қалыптастыру;
- оқушыларға бейіндік оқу шеңберіндегі пәндерді таңдауда білім алу әрекетінің ынталық деңгейін арттыру;
-оқу әрекетінің формаларын даралау, оқушылардың өнімді және қайталама әрекетін ұштастыру және өз бетінше жұмыс істеу, оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру;
-оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру бағытында математика элементтерін тиімді пайдалану,
-түрлі логикалық тапсырмаларды шешу арқылы өзін-өзі ашуға, өзіндік дамуға және өздігінен дұрыс әрі жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті болатын жеке тұлғаны қалыптастыру;
-әр сабақ барысында денсаулық сақтауға бағытталған жаттығуларды тиімді пайдалану;
-оқу әрекеті және оның нәтижелері бойынша оқушылардың өзіне-өзі ұдайы талдау жасауына , баға беруіне жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже:

Білімі терең, дені сау, өзін-өзі тану қабілеті арқылы өмірлік ұстанымы қалыптасқан тұлға. Оқушылар кеңістік денелерді, геометриялық фигураларды ажыратып, логикалық ойды дамытуға арналған білімдерді меңгереді. Математикалық тілде сөйлеуге машықтанып, ой-өрісін, қабілетін дамытады. Оқушыларды түрлі математикалық олимпиадаларға қатыстыру.

Күнтізбелік тақырыптық жоспар

3 сынып

№	Тақырып мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
	I бөлім. Сандар әлемі	**7 сағат**	
1	Сиқырлы сандар	1	01.09
2	Сандар құрамы	1	08.09
3	Сандарды салыстыру	1	15.09
4	Сандарды салыстыру	1	22.09
5	Екі және үш таңбалы сандар	1	29.09
6	Екі және үш таңбалы сандар	1	06.10
7	Қасиетті сандар	1	13.10
	II бөлім. Геометрия	**8 сағат**	
8	Сызықтар сыры	1	20.10
9	Геометриялық фигуралар	1	27.10
10	Сызықшалар мен таяқшалар	1	10.11
11	Қызықты шаршылар	1	17.11
12	Үшбұрыштар	1	24.11
13	Тіктөртбұрыш	1	01.12
14	Жазық фигуралар	1	08.12
15	Геометриялық фигураларды әріптермен белгілеу	1	15.12
	III бөлім. Шамалар	**8 сағат**	
16	Уақыт бірліктері	1	22.12
17	Төрт мезгіл. Санамақ	1	12.01
18	Тәулік мезгілдері	1	19.01
19	Ақша бірліктері	1	26.01
20	Ұзындық өлшем бірліктері	1	02.02
21	Масса	1	16.02
22	Аудан және оның бірлігі	1	23.02
23	Сыйымдылық. Көлем	1	01.03
	IV бөлім. Арифметика және есептер	**11 сағат**	
24	Көбейтудің қасиеттері	1	15.03
25	Пифагор кестесі	1	05.04
26	Бөліктер	1	12.04
27	Үлестер ұғымы	1	19.04
28	Есептер	1	6.04
29	Күрделі есептер	1	03.05
30	Теңдеу	1	10.05
31	Логикалық есептер	2	17.05
32	Танымдық есептер		
33	Математикалық викторина	2	24.05
34	Қорытынды сабақ		